

Оқу – біздің балаларымыздың білімін, тәрбиесін және мәдениетін арттырудың маңызды факторы. Біріміз кітапты ой-өрісті кеңейту үшін оқысақ, біріміз – жұмыс барысында ақпарат іздеп оқимыз. Арамызда кітап оқып, демалатындар да бар. Қандай себеп болмасын, оқу сауаттылығы дағдыларын дамыту маңызды. Оқу ой-өрістің кеңеюіне, жан-жақты дамуға, ойлау қабілетін жетілдіруге, шығармалардағы кейіпкерлердің мінез-құлқындағы жағымды тұстарын бойға сіңіруге көмектеседі, жалпы, адамды тәрбиелейді және рухани байытады. Кітап оқуға бала кезден баулу керек



Бұл күндері ақпараттық технологиялардың қарқынды дамып келе жатқан заманында қоғам арасында кеңінен қанат жайып кеткен ғаламтор төңірегінде және адам баласының жан азығы – ықылым заманнан адамды білімге жетелеген кітап болмақ.

«Артық білім кітапта,
Ерінбе оқып көруге»,
– деп ақын Абай Құнанбаев жырлағандай, ерінбей білім алуға, кітап оқуға асығайық.

Қайсысы жақсы—кітап немесе ғаламтор туралы не айтуға болады? Екеуі де жақсы. Екеуін де пайдаланыңыз, өзіңізге ұнайтын шығармаларды оқыңыз және мектеп пәндері мен жеке мәселелер бойынша білім алыңыз.



Құрастырған және безендірген:
ОҚК библиографы Г. Ж Алқайдарова

“И. Шухов атындағы
орталық қалалық кітапхана” КММ

Мекен-жайы: ОҚО, Петропавл қ.,
Ерусиповский к, 65
Телефон: 8(7152)50-04-11
8(7152)33-19-57

E-mail: shuhov_lib@mail.ru
Сайт: shuhovlibrary.kz
[@shuhov_kitapkana](https://vk.com/shuhovlibrary)

<https://www.facebook.com/shuhovlibrary>
<https://www.youtube.com/@shuhovlibrary>

«И. ШУХОВ АТЫНДАҒЫ ОРТАЛЫҚ
ҚАЛАЛЫҚ КІТАПХАНА» КММ



Ғаламтор
және кітап-ғұмыр

БУКЛЕТ



ПЕТРОПАВЛ
2025

«Кітап – білім бұлағы, білім – өмір шырағы» демекші, осы бір аталы сөз қай ғасырда, қай заманда болмасын өз құнын жойған емес. Бүкіл адамзат тарихында көне дәуірлерден сақталып келе жатқан тастағы таңбалардан бастап, көптеген жазу-сызулар арқылы бізге жеткен асыл мұралар, ақыл-ой, ғылым-білім қазыналары кітап арқылы игілігімізге асуда.



Кітап адам баласының сан ғасырлық ақыл-ойының жемісі, тарихы мен тағылымының алтын сандығы. Кітаптардың құдіретті күшін жеке адамдар ғана емес, өркениетті мемлекеттер де жоғары бағалаған, аса маңызды саясат деп қараған. Рухани жан дүниеге демеу беріп, адамның адами қасиетін арттыратын да осы кітап.

Оның құпиясын тек кітаппен дос болған адам ғана ашып, ғажабын танып-біле алады.

Абай Құнанбаевтың:

«Пайда ойлама, ар ойла,
Талап қыл, терең білуге»

– деген сөзінен-ақ көп нәрсені аңғаруға болады. Сондықтан кітап оқу – адамзат ойлап тапқан ең ғажайып құбылыстардың бірі.



Біз бүгін сіздерге кітап оқудың 7 пайдасы жөнінде айтып көрейік.

- ◆ Кітап оқу – қоршаған ортаны, дүниені және өзін тануға көмектеседі.
- ◆ Кітап оқу — жадыны және ойлауды дамытады. Яғни, көп оқыған адамның жады мықты, тез ойлап, тез қорыта алады.
- ◆ Кітап оқу – талдауға, сараптауға, өзіндік жүйелі пікір қалыптастыруға үйретеді.
- ◆ Кітап оқу – көптеген табыс пен жетістіктің ең басты негізі.
- ◆ Кітап оқу- адамдармен дұрыс қарым – қатынас жасауға үйретіп, әдемі сөйлеу дағдыларын қалыптастырады.
- ◆ Кітап оқу- сөздік қорды байытады және жалпы сауаттылық деңгейін арттырады.
- ◆ Кітап оқу – адам бойында бұғып жататын шығармашылық қабілетерді дамытады.

Заманға сай жаңашылдық


XXI ғасыр – компьютер заманы. Заман өзгерген сайын, құралдар да түрліше күйге еніп келеді. Қазіргі заманды компьютер, планшет, смартфонсыз елестету мүмкін емес. Ал енді ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамыған уақытында компьютерсіз, ұялы телефонсыз, Pad-сыз елестесу қиын болса, бүгінгі тіршілікті ғаламторсыз елестету тіптен де мүмкін емес.



Ғаламтордың арқасында қазіргі ел орталығы мен шет аймақтар арасына алшақтық жойыла түсуде. «Айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызатын» (Ы.Алтынсарин) да ғылыми-танымдық ізденістеріңізге көмекші болатын да осы – ғаламтор.



Бұрын қалың-қалың кітаптарды қолға алып, парақтап тұрып оқысақ, қазір электронды кітаптан (e-book reader) оқудың мүмкіндігі бар. Яғни қалаған кітабыңды интернет арқылы сатып (тегіндері де бар) алып, смартфон (түрлі гаджеттер) арқылы оқисың.



Кітап оқудың түрін қалауда оқытушылар пікірі екі жаққа бөлінді, біріне қағаз түрінде оқу ыңғайлы, өйткені кітап мазмұнын жан-тәнімен сезінеді, қолымен ұстап сезеді дегендей, ал екінші біреулері электронды кітапты оқу кез келген жерде қолайлы екенін және оны тез табуға болатындығын алға тартып, әлдеқайда арзанға шығатынын да атап өтті.